

ЕЛ ҮМІТІ-АЗАТ ОЙЛЫ, ӨР РУХТЫ, БІЛІМДІ ЖАСТАР

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Асыл арна» телерадиокомпаниясының Бас директоры, психология ғылымдарының кандидаты, айтыскер ақын

Мұхамеджан Тазабекпен

ғибратқа толы сыр-сұхбаттың сценарийі

Өтілу уақыты: 26.02.2019 жыл.

Өтетін орны: Акт залы.

Жауапты тұлғалар:

1. Оқытушыларды қатыстыру-Н.Диханбаева
2. Студенттерді қатыстыру-С.Барат
3. Акт залын безендіру, даярлау- Ә.Шәріпбаева
4. Алғыс хат, сыйлық даярлау – М.Мұхаметжанова.
5. Жүргізушіні даярлау – А.Нурбекова
6. Концерттік нөмір даярлау – Н.Тумаева
7. Музыкамен көркемдеу – Д.Құлжабеков
8. Колледж тарихынан слайд – Н.Диханбаева
9. Дастархан мәзірі – Ж.Бағдаулет

I. М.Тазабекті қарсы алу

II. Фанфара

Жүргізуші: Құрметті Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің ұстаздар ұжымы, студенттер қауымы!!! Бүгін біздің ортамызда ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Асыл арна» телерадиокомпаниясының Бас директоры, психология ғылымдарының кандидаты, айтыскер ақын – біздің көптен күткен қонағымыз **МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕК МЫРЗА!**

Келген қонақтарды таныстыру:

1. Панфилов ауданының әкімі

Аса қымбатты **МҰХАМЕДЖАН МЫРЗА!** Қасиетті атамекеніміздің оңтүстік шығыс шебін көмкерген Жазиралы Жаркент жеріне, өлкеміздің байырғы оқу орны, ұстаздар ұстаханасы атанған Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжіне қош келдіңіз! Біз, колледж студенттері Сізді ұрпақ тәрбиесіне, жастардың рухани кемелденуіне бей-жай қарай алмайтын, айтары бар АҒА ретінде жақсы білеміз. Сол себепті бүгінгі күнді колледж тарихындағы айтулы күндердің бірі деп түсініп, Сіздің дуалы аузыңыздан азамат болып қалыптасуымызға септігі тиер ғибратты әңгімелерді тыңдауға асығып отырғанымызды да жасырмаймыз. Дегенмен, Сізге колледжімізді таныстырып өтелік. (слайд)

III. Колледж тарихымен таныстыру (2-3 минут). 1929 жылы наурыз айында Қапал ауылында бастауыш класс мұғалімдерін даярлайтын курс түрінде ашылған колледжіміз 90 жылда еліміздің әр түкпірінде ұстаздықтың тізгінін ұстаған мыңдаған түлекті ұшырды.

..... жылы Панфилов педагогикалық училищесі деп аталған оқу орны, «Бастауыш сынып мұғалімдері» мен «Балабақша тәрбиешілерін» даярлап, Кеңес заманында білім сапасымен атағы елге жайылды. Сол кездегі училищенің танымал түлектері:

- Ұлы Отан соғысының батыры, жерлесіміз ХАМИТ КӨБІКОВ;
- Кеңес, қазақ киносының әртісі, ҚР халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты НҰРЖҰМАН ЫҚТЫМБАЕВ;
- ҚР суретшілер Одағының мүшесі, суретші С.БАЙСҰЛТАНОВ
- «Әліппе» оқулығының авторы РАБИҒА ІЗҒҰТТЫНОВА;

Бүгінгі күні Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі - кәсіптік білім беретін облысымыздағы іргелі оқу орны, Жаркент жерінің киелі қара шаңырағы. Ғасырға жуық тарихы бар колледжімізде 12 мамандық бойынша орта буын мамандары даярланады. Жыл сайын 200-250 түлек өңіріміздің білім саласына маман ретінде жолдама алады.

Бізде тәуелсіз елдің тізгінін ұстауға білімі мен тәлімін аямайтын ұстаздарымыз, барлық заманауи жабдықтармен қамтылған ғимаратымыз, туған үйіміздегідей жағдайымен жатақханамыз бар. Ал енді бүгінгі Сізбен дидактасу барымызға бар қосып, рухани қоржынымызды толтырады деген үлкен үмітпен сөз тізгінін өзіңізге берсек.

IV. Қымбатты қауым! Мұхаметжан ағаға қоятын сұрақтарыңыз болса, ортаға келіп, қоюларыңызға болады. (Сыр-сұхбат)

V. Аса құрметті Мұхаметжан аға, қымбатты қауым! Өмірдің әр сәті - тәлім десек, бүгінгі күн осы залдағы әрқайсысымыздың өміріміздегі тарих болары сөзсіз. Дидактасқанда уақыт сынаптай сырғитын, қазақ атамның дуалы ауыз шешендерінің жалғасы, әр сөзінің салмағы батпандай ділмар, ағамызбен кездесудің де уақыты аяқталып келеді. Ортаға барлығымыздың атымыздан ықыласқа толы алғысымен колледжіміздің директоры Саурамбаева Баян Нүсіпбекқызын шақырамыз. (Алғыс, ілтипат білдіру. Сыйлық тапсыру)

VI. Концерт